

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1284 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 маусымдағы N 810 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын мемлекеттік бақылау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1284 P961284\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 42, 402-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау туралы ережеде:

2-тармақтағы "министрлігінің" деген сөз "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын, "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "Табиғи ресурстар және қоршаған ортан қорғау министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын.

4-тармақтағы "мемлекеттік бюджет аударымдарының" деген сөздер " Республикалық бюджеттің қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жалпы ережелер" тарауынан кейін мынадай мазмұндағы тараумен және 4-1-тармақпен толықтырылсын;

" М а қ с а т ы

4-1 Жер қойнауын қорғау, пайдалы қазбалар қорларын ұтымды және кешенді пайдалану бөлігінде мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету";

"Жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдар қызметтерінің міндеттері мен бағыттары" тарауында:

5-тармақтан кейін мынадай мазмұндағы тараумен толықтырылсын:

"Жер қойнауын мемлекеттік бақылау органдарының функциялары";

б - т а р м а қ т а :

екінші абзац "жер қойнауын пайдаланудың барлық кезеңдерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"пайдалы қазбалардың жер қойнауын пайдалану объектілері бойынша өндіру және аршу жұмыстарын дамытудың, жыл сайынғы жобаларын (жоспарларын), шығындар мен жақсартулардың нормативтерін қарауды және келісуді, ал жұмыстардың көлемі мен бағыты бойынша жоба 30% және одан астам елеулі өзгерген жағдайда қайтадан келісуді жүргізуді";

сегізінші абзац "және оларды қайта өңдеу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"жер қойнауын Барлау, Өндіру, сондай-ақ Өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және пайдалану кезінде жер қойнауын қауіпті техногендік процесстердің пайда болуынан алдын ала қорғайтын қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі заңдардың талаптарына сәйкес пайдалануды;

негізгі және бірге жатқан пайдалы қазбалардың алынған және жер қойнауларында қалдырылған қорына тұтас баланстарды жүргізу үшін жер қорлары, компоненттер және байыту зауыттарында (фабрикаларында) минералды-шикізаттар мен өндірістің қалдықтарын қайта өңдеу өнімдері есебінің дұрыстығын бақылауды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, әсіресе мұнайды, газды немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму, қалдық суларды ағызу кезінде, жер қойнауының ластануын болдырмауды;

өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды қоймалау, орналастыру кезінде олардың су жиналатын алаңдарда және жер асты сулары жатқан жерлерде жинақталуының алдын алу мақсатында экологиялық талаптарды қамтамасыз е т у д і " ;

11-тармақта "министрлігіне" деген сөз комитетіне деген сөзбен ауыстырылсын, "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

14-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толтырылсын.

"Жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың белгіленген үлгідегі куәлігі болуы тиіс";

Мынадай мазмұндағы 16 және 17-тармақтармен толықтырылсын:

"16. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қандай да болмасын лауазымды тұлғаның немесе органның жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру процесіне араласуына ж о л б е р і л м е й д і .

17. Лауазымды тұлғалардың жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін

заңсыз іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК